

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (жанар-жағармай материалы қызметінің) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1718 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 144) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (жанар-жағармай материалы қызметінің) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл бастығының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (жанар-жағармай материалы қызметінің) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (жанар-жағармай материалы қызметінің) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) жанар және жағармай материалы (бұдан әрі – ЖЖМ) қызметінің техникалық құралы мен мүлкін пайдалануды ұйымдастыруды нақтылайды.

2. ЖЖМ қызметінің техникалық құралына мыналар жатады:

1) айдау құралы – жанармайға арналған айдау станциялары, жылжымалы сорғы қондырғылары, мазутты айдау қондырғысы, жанар-жағармай материалын және арнайы сұйықтықты айдауға арналған мотосорғы қондырғысы. Негізгі айдау құралының арналуы мен техникалық сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген;

2) жанармай құю құралы – ұшаққа топпен отын құюшы, автоотынқұюшы, автомайқұюшы, автоотынмайқұюшы, арнайы сұйықтықты автоқұюшы, корабльге айлақтан тыс отын құю жинағы, шағын АОҚС, отын тарату және май тарату колонкалары, отын құю мүлкі. Жанармай құю негізгі құралының арналуы мен техникалық сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада келтірілген;

3) жеткізу құралы – автоцистерналар, тіркеме-таратушылар, далалық магистральдық және қоймалық құбыржол (металдан және резеңке-матадан). Жанар-жағармай материалын, арнайы сұйықтықты тасымалдауға және оларды қысқа мерзімде сақтауға арналған. Жанармай тасымалдау негізгі құралының арналуы мен техникалық сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада келтірілген;

4) тазалау құралы – сүзгілер, әртүрлі мақсаттағы сепараторлар. Жанар-жағармай материалын механикалық қоспадан және мұз (су) кристалынан тазалауға арналған;

5) өлшеу құралы – санауыштар, метрштоктар, ұзындық өлшеуіштер, деңгей өлшеуіштер. Қабылданатын, жіберілетін, сақталатын жанармайдың, майдың, арнайы сұйықтықтың мөлшерін (көлемін) өлшеуге (анықтауға) арналған;

6) жылытқыш құралы – жылжымалы бу қазандықтары, бу түтігімен ағызу құбыры, электрлі жылытқыш лента. Жылыту негізгі құралының арналуы мен техникалық сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 4-қосымшада келтірілген;

7) сақтау құралы – жылжымалы металл резервуар, резеңке-маталы резервуар, шұңқырдағы резервуарды оқшаулау үшін резеңке-маталы қабықша, болат бөшке,

канистра. Сақтау негізгі құралының арналуы мен техникалық сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшада келтірілген;

8) жөндеу құралы – жылжымалы жөндеу шеберханалары, резервуар мен бөшкелерді тазартуға және жууға арналған жабдықты, аспаптар жинағын механикаландырылған тазалау үшін жабдық жинағы. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған;

9) жанармай сапасын бақылау құралы – жылжымалы, далалық, қол және корабльдік зертхана, әскери зертханалық жинақ. Жанар-жағармай материалының және арнайы сұйықтықтың сапасын бақылауға арналған;

10) тиеу-түсіру жұмысын механикаландыру құралы – көпайналымды бекіткіш, бөшке көтергіш, жүкқармауыш тетік, тасымалдауыш, автокар, тиеуіш-штабелер, табандық, контейнер. Тиеу-түсіру жұмысын механикаландыру негізгі құралының арналуы мен техникалық сипаттамасы осы Нұсқаулыққа 6-қосымшада келтірілген.

3. Жанармай қызметінің техникалық құралы ағымдағы жабдықтау және жұмсалмайтын қор (ұзақ сақталатын) болып бөлінеді.

Ағымдағы техникалық қамтамасыз ету құралына әскери бөлімде, мекемеде бейбіт уақыттағы штатқа, табель мен нормаға сәйкес ұсталатын техникалық құрал және әскери бөлімде, база мен қоймада сақтауда тұрған немесе әскердің ағымдағы қажеттілігін қамтамасыз ету үшін келіп түскен техникалық құрал жатады.

4. Жанармай қызметінің техникалық құралын және мүлкін пайдалану және жөндеу өндіруші зауыт ұсынған пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидаларымен, нұсқаулықтармен, техникалық сипаттамаларымен айқындалады. Техникалық құралды әскери бөлімдер тікелей арнауы бойынша жауынгерлік даярлықты қамтамасыз ету, жұмыс көлемінің белгіленген нормасы (пайдалану мерзімі) шегінде зымыран отыны мен жанар-жағармай материалын қабылдау, сақтау, жеткізу, айдау және беру (күю) жұмысын орындау үшін пайдаланады.

Жанармай қорын көтерудің бірдей мүмкіндігі болғанда бір марканың техникалық құралын басқасының орнына ұстауға рұқсат етіледі.

5. Автомобильдік базалық шассиде, тіркеме шассиде құрастырылған (орнатылған) жанармай қызметінің техникалық құралын пайдалану кезінде "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (автомобиль техникасын) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (бұдан әрі – автомобиль техникасы жөніндегі нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 18 шілдедегі № 536 қбп бұйрығының талаптары басшылыққа алынады.

6. Жанармай қызметінің сақтау техникалық құралын және далалық қоймалық құбыржолын пайдалану кезінде "Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 342 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10256 болып тіркелген) талаптары басшылыққа алынады.

7. Әскери бөлімдерді (мекемелерді) техникалық құралмен жинақтау, сондай-ақ оларды қосалқы бөлшектермен, құрал-сайманмен, жабдықпен және пайдалану материалымен жабдықтауды әскери бөлімдер жабдықтылымда тұрған жабдықтылым қызметтері жүзеге асырады.

Штаттан тыс ұсталатын техникалық құрал пайдаланылмайды, ақаусыз техникалық жай-күйге келтіріледі және оларды одан әрі пайдалану туралы нұсқау алғанға дейін сақтауға қойылады.

2-тарау. Әскери мүлікті пайдалану

1-параграф. Пайдалануды ұйымдастыру

8. Техникалық құралды пайдалануды ұйымдастыру мынадай негізгі іс-шараларды қамтиды:

- 1) пайдалануға енгізуді;
- 2) пайдалануды жоспарлауды;
- 3) жеке құрамның техникалық және арнайы даярлығын;
- 4) жеке құрамды пайдалануға жіберуді;
- 5) техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді;
- 6) өлшеу құралын тексеруді, электр қондырғыларын және қазандықты қадағалау объектілерін сынауды және техникалық куәландыруды;
- 7) сақтауды және консервациялауды ұйымдастыру;
- 8) санаттауды;
- 9) пайдалану құжаттамасын есепке алуды, есептілігін және оны жүргізуді;
- 10) есептен шығаруды, бөлшектеуді және кәдеге жаратуды.

9. Автомобильдік базалық шассиге (тіркеме шасси) орнатылған, әскери бөлімге (мекемеге) штаттық қажеттілікті жасақтау үшін түскен жанармай қызметінің техникалық құралы жанармай қызметі бойынша әскери мүлікті қабылдау жөніндегі ішкі тексеру комиссиясы оларды қабылдағаннан кейін әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен есепке алынады және пайдалануға енгізіледі. Бұйрықта типі, автомобиль маркасы (тіркеме), ол бекітіліп берілетін бөлімше, пайдалану тобы, моторесурстың жылдық лимиті, мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі (борттық тіркеу нөмірі), шасси (кузов) және қозғалтқыш нөмірі, ол бекітіліп берілетін материалдық жауапты адамның тегі (қойма бастығы, қоймашы, бөлімше командирі, жүргізуші) көрсетіледі.

Техникалық құралды (мүлікті) пайдалануға енгізу туралы бұйрықтың нөмірі, материалдық жауапты адамның тегі паспортқа (формулярға) енгізіледі.

10. ЖЖМ қызметі бойынша әскери мүлікті қабылдау кезінде ішкі тексеру комиссиясы "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 29 шілдедегі № 399 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15598 болып тіркелген) басшылыққа алады.

11. Пайдалануға енгізу туралы бұйрық негізінде техникалық құралды (әскери мүлікті) бөлімше командирлері мен техника бекітіліп берілген жеке құрам қабылдайды. Материалды жауапты адамдар формулярда (куәлікте) техникалық құралды (техниканы) қабылдағаны туралы қол қояды. Пайдалануға енгізгенге дейін техникалық құралды қолдануға жол берілмейді.

12. Тиісті техникалық қадағалау органында куәландырылуға және тіркелуге тиіс жанармай қызметінің техникалық құралы "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 916 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес куәландыру өткенге және есепке алынғанға дейін пайдаланылмайды.

13. Автомобильдік базалық шассиге құрастырылған (орнатылған) жаңа техникалық құрал атқарым нормасына және өндіруші зауыт айқындаған атқарым кезеңіне сәйкес бір айдан кешіктірмей, ал ұзақ сақтауға арналған техника қабылдап алынғаннан кейін үш айдан кешіктірмей жүргізіп сынауға тартылады. Зауыттық сынау, сақтау және орнына (түсіру) жеткізу, жұмыс кезінде тексеру әскери бөлімдегі (мекемедегі) машинаны жүргізіп сынау атқарым нормасына есептеледі.

14. Әскери бөлімде (мекемеде) оларға пайдалану үшін немесе тұрақты сақтауға берілген техникалық құрал жүргізіп сынаудан өтеді. Жүргізіп сынау нәтижесі формулярға (паспортқа) енгізіледі.

2-параграф. Пайдалануды жоспарлау

15. Автомобильдік базалық шассиге (тіркеме шасси) құрастырылған (орнатылған) жанармай қызметінің техникалық құралы әскери бөлімде (мекемеде) пайдалану топтарына бөлінеді:

- 1) саптық топ;
- 2) көліктік топ.

Техникалық құрал тек тікелей арналуы бойынша қолданылады.

16. Автомобиль техникасын пайдалану әскери бөлімнің (мекеменің) жөндеу және пайдалану жылдық жоспары, моторесурстың жылдық лимиті және жөндеу аралық мерзімдегі олардың жұмысы негізінде жүргізіледі. Техникалық құралды пайдалануды жоспарлау:

1) пайдаланылуға тиіс техникалық құралдың санын және олар бойынша моторесурстың шығынын айқындау;

2) техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қажеттілікті айқындау;

3) күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерге, құрал-сайманға, пайдалану материалына қажеттілікті айқындауды көздейді.

17. Техникалық құралдың арнайы жабдығы үшін моторесурстың жылдық шығысы осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес жоспарланады.

18. Пайдаланудағы техникалық құралдың санын қысқарту және олардың жөндеуге біркелкі (сатылы) шығуын қамтамасыз ету мақсатында әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) сол пайдалану тобының басқа бір үлгідегі түрлерінің жылдық нормасын қысқарту есебінен техникалық құралдың жылдық екі нормасына дейін ұлғайтуға жол беріледі, бірақ жалпы жұмыс жылдық жиынтық нормадан аспауға тиіс. Ескірген марканың техникалық құралы бірінші кезекте пайдаланылады

19. Нормалары километрмен (мотосағатпен) белгіленген техникалық құралдың жұмыс істеуін есепке алу штаттық спидометрдің (мотосағат есептегішінің) көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

20. Жанармай қызметі кіші мамандарының техникалық және арнайы даярлығы (қойма бастығы, қоймашы, жүргізуші, жүргізуші-отын құюшы, моторист, зертханашы) "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде жауынгерлік даярлықты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 024 бұйрығына (бұдан әрі – Жауынгерлік даярлық қағидалары) және "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл бастығы басқармасының материалдық және көліктік қамтамасыз ету әскери бөлімдеріне арналған жауынгерлік даярлық бағдарламасын бекіту туралы" Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 272 қбп бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Техникалық (арнайы) дайындық сабақтарында жауынгерлік (арнайы) машиналар бөлімшелерінің, қызмет көрсету құралының материалдық бөлігінің құрылысын, тексеру, жөндеу және эвакуациялау тәртібін, қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану қағидаларын зерделеуге, жауынгерлік техникаға қызмет көрсету және оны жауынгерлік қолдануға дайындау жөніндегі жұмысты орындау шеберлігін дамытуға басты назар аударылады. Техникалық (арнайы) даярлық сабағы ротада (батареяда) мамандықтар бойынша ұйымдастырылады. Олар тікелей техникада жүргізіледі.

21. Жеке құрамды жұмысқа жіберу Жауынгерлік даярлық қағидаларының 3-тарауы 4-параграфының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3-параграф. Техникалық (сервистік) қызмет көрсету

22. Техникалық құралдың сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін пайдалану тобына қарамастан, техникалық қызмет көрсету кезеңділігі белгіленеді:

- 1) бақылап қарап-тексеру (парктен шықпас бұрын, аялдауда және тоқтаған кезде, су бөгетінен өтуден бұрын және одан өткеннен кейін);
- 2) күнделікті техникалық қызмет көрсету;
- 3) № 1 техникалық қызмет көрсету (№ 1 ТҚК);
- 4) № 2 техникалық қызмет көрсету (№ 2 ТҚК);
- 5) маусымдық техникалық қызмет көрсету (МТҚК);
- 6) регламенттелген техникалық қызмет көрсету (РТҚК).

23. Автомобильдік базалық шасси мен тіркемеге орналастырылған техникалық құрал шасси жұмысының жиілігі мен көлемі бойынша мынадай ТҚК түрлеріне бөлінеді :

- 1) күнделікті ТҚК, № 1 және № 2 ТҚК және маусымдық ТҚК (күнделікті пайдаланатын техникалық құрал үшін);
- 2) регламенттелген ТҚК (№ 1 және 2 ТҚК сақтаудағы техникалық құрал үшін).

Автомобильдік базалық шассиге және шасси тіркемесіне техникалық қызмет көрсету оларға орнатылған (монтаждалған) арнайы жабдықтың жүрісі (уақыты) бойынша тиісті техникалық қызмет көрсетумен (регламентпен) біріктіріледі.

24. № 1 және № 2 ТҚК бөлшектердің тозу қарқындылығын төмендету, істен шығу мен ақауды анықтау және алдын алу, уақтылы техникалық диагностика жүргізу, майлау, бекіту және реттеу жұмысын орындау арқылы жүргізіледі.

25. Маусымдық ТҚК қысқы немесе жазғы пайдалану кезеңінде сенімді жұмысты дайындау және қамтамасыз ету мақсатында жылына екі рет өткізіледі. Әскери бөлім (мекеме) командирлері (бастықтары) бекіткен жоспар бойынша белгіленген мерзімде жеке құрамды, парктерді, сондай-ақ ТҚК және жөндеу құралын, техниканы қысқы немесе жазғы кезеңде пайдалануға дайындау жүргізіледі. Қысқы (жазғы) пайдалану режиміне көшу күні әскери бөлім (мекеме) командирінің бұйрығымен жарияланады.

Техникалық құралдың маусымдық ТҚК, өндіруші зауыттың пайдалану нұсқаулығына және өндіруші зауыттың техникалық құжатына сәйкес кезекті № 1, № 2 ТҚК алдында өткізіледі.

26. № 1 және № 2 ТҚК техникалық жарамды күйде ұстау, сақталуын және арналуы бойынша пайдалануға әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында ұзақ мерзімді сақтаудың техникалық құралы үшін белгіленген мерзімде өткізіледі. Техникалық қызмет көрсету техникалық құралдың (автомобильдің негізгі шассиі, тіркеме шассиі) және мүліктің техникалық жай-күйі мен жұмысқа қабілеттілігін тексеруден, пайдалану материалын жаңартудан, қызмет ету мерзімі шектеулі бөлшектер мен құрастыру қондырғысын ауыстырудан тұрады.

27. Регламенттелген техникалық қызмет көрсету пайдалану құжаттамасында белгіленген уақыт өткеннен кейін оның жұмысқа қабілеттілігін (жарамдылығын) қамтамасыз ету мақсатында шектеулі жұмыс істеумен техникалық құралда жүргізіледі.

Регламенттелген техникалық қызмет көрсету үшін техникалық құралдың жүргізушілерін (жанармай құюшы-жүргізушілерді, мотористерді) тартып, бөлімдердің ТҚК, жөндеу және регламенттік-баптау жұмысы бөлімшелері тартылады. Жекелеген жағдайда өндіруші зауыттың көшпелі бригадалары тартылады.

28. Жүргізілген техникалық қызмет көрсету туралы (№ 1, № 2, № 1х, № 2х, МҚК, РТҚК) техникалық қызмет көрсетуді, машиналар мен агрегаттарды жөндеуді және қосалқы бөлшектің шығынын есепке алу кітабында, сондай-ақ техникалық құралдың формуляры мен паспортында тиісті жазба жасалады. Техникалық қызмет көрсетудің көрсетілген түрінен басқа, техниканы күтіп-ұстау үшін күн тәртібінде көзделген уақытта ақау жойылады және басқа да жұмыс, ал парк-шаруашылық күні арнайы бөлінген уақытта жүргізіледі.

29. Пайдаланудағы резервуар (сақтау құралы) олардың нақты техникалық жай-күйін айқындау үшін, сондай-ақ оларды одан әрі қауіпсіз пайдаланудың ықтимал мерзімін айқындау үшін мерзімді тексеруге және дефектоскопияға жатады. Тексеру нәтижесі негізінде мұнай өнімін қабылдау, сақтау және босату бойынша резервуарлық парктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді ескеріп, жөндеу кестесі жасалады. Резервуарға техникалық қызмет көрсету дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Өлшеу құралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің салыстырып тексеру зертханасында тексеріледі. Қарулы Күштер метрологиялық органының күшімен салыстырып тексеру мүмкін болмаған кезде "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін метрологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 516 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21411 болып тіркелген) 27-тармағына сәйкес мемлекеттік метрологиялық қызмет зертханасында немесе қызметтің осы түріне аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметінде өлшеу құралын шарттық негізде тексеруге жол беріледі.

4-параграф. Жөндеуді ұйымдастыру

31. Жанармай қызметінің техникалық құралын жөндеу тозған немесе зақымдалған агрегаттарды, тораптарды, аспаптар мен бөлшектерді ауыстыру немесе олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру арқылы табиғи тозудан, сапасыз өндіруден немесе жөндеуден, сондай-ақ жауынгерлік немесе басқа да зақымданудан туындаған ақауды немесе зақымдануды жоюдан тұрады.

32. Ақау мен зақымдану сипатына, оларды жою жұмысының күрделілігіне байланысты мынадай жөндеу түрлері белгіленген:

- 1) ағымдағы жөндеу;
- 2) орташа жөндеу;
- 3) күрделі жөндеу;
- 4) регламенттік жөндеу.

33. Ағымдағы жөндеу әскери мүлік үлгісінің жұмысқа қабілеттілігін (жарамдылығын) қалпына келтіру немесе қамтамасыз ету үшін орындалады және белгіленген номенклатураның жекелеген құрастыру бірлігінің шектеулі санын ауыстырудан немесе қалпына келтіруден тұрады. Ағымдағы жөндеу кезінде жекелеген тозған немесе бүлінген құрамдас бөлік, бөлшек, торап, агрегат, оның ішінде бір негізгі агрегат ауыстырылуы мүмкін, сондай-ақ бекіту, реттеу, дәнекерлеу және басқа да жөндеу жұмысы орындалады.

Ағымдағы жөндеу, әдетте, жүргізушінің, жанармай құю жүргізушісінің (мотористің, қоймашының) күшімен, техникалық қызмет көрсету бөлімшесінің (есептоп), әскери бөлімдердің (мекеменің) жөндеу бөлімшесінің күшімен және құралымен жүргізіледі.

34. Ағымдағы жөндеу үшін қосалқы бөлшектің жеке жиынтығы пайдаланылады. Жетіспейтін қосалқы бөлшек пен материал, сондай-ақ оларды сатып алуға арналған қаражатқа әскери бөлім (мекеме) жабдықталым қызметіне жылдық өтінім береді.

35. Орташа жөндеу жаңа техникалық құрал үшін күрделі жөндеуге дейінгі ресурстың кемінде 60%-ы және күрделі жөндеуден өткен техникалық құрал үшін кемінде 50%-ы жұмыс істеген кезде орындалады. Техникалық құралды орташа жөндеу кезекті күрделі жөндеуге немесе есептен шығаруға дейін, әдетте, күрделі жөндеуге дейін бір реттен артық емес, сондай-ақ күрделі жөндеу мен есептен шығару арасында олардың жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында қажеттілік бойынша жүргізіледі. Әскери мүлік үлгісін ішінара бөлшектеуден, әскери мүлік үлгісінің негізгі агрегаттарының кемінде екеуін, бірақ жартысынан көбін ауыстырудан немесе күрделі жөндеуден, алмастырылмайтын тораптың (бөліктің, бөлшектің) жай-күйін тексеруден және жөндеуден және анықталған барлық ақауды жоюдан тұрады. Орташа жөндеу кезінде дәнекерлеу, слесарлық, майлау, реттеу және басқа да арнайы жұмыс жүргізіледі, әскери мүліктің жөнделген үлгісі сынақтан өткізіледі және боялады. Күрделі жөндеуге және есептен шығаруға дейінгі ресурс, егер орташа жөндеу белгіленген жұмыс уақытынан бұрын орындалса, өзгермейді.

36. Орташа жөндеу жабдықталым қызметі әскери бөлімдері (мекемелері) жөндеу шеберханасының, цехының күшімен және құралымен жүргізіледі, жеке жағдайда әскери бөлім (мекеме) жөндеу бөлімшесіндегі дайын агрегатта орташа жөндеуге жол беріледі. Әскери мүлік үлгісін орташа жөндеудің күрделілігі ауыстырылатын және жөнделетін агрегаттың (бөліктің, бөлшектің, тораптың) санына байланысты болады.

37. Күрделі жөндеу үлгінің немесе агрегаттың жарамдылығын және жөндеуаралық ресурсын қалпына келтіру үшін базалықты қоса алғанда, олардың барлық құрастыру бірлігін ауыстырумен және қалпына келтірумен орындалады. Күрделі жөндеуден

кейінгі жөндеуаралық ресурстың мәні нормативтік-техникалық (пайдалану) құжаттамасымен және өндіруші зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығымен белгіленеді. Күрделі жөндеу әскери мүліктің үлгісін толық бөлшектеуден, дефектациялаудан, оның барлық құрамдас бөлігін дәнекерлеу, жарамдылық, реттеу және басқа да арнайы жұмысты орындаумен ауыстырудан немесе жөндеуден, құрастырудан, сынаудан және бояудан тұрады.

38. Күрделі жөндеу, әдетте, жабдықталым қызметі әскери бөлімдері (мекемелері) жөндеу шеберхасының (цехының) және қорғаныс өнеркәсібі кешені ұйымындағы жөндеу кәсіпорнының (зауытының) күшімен және құралымен жүргізіледі. Әскери мүлікті пайдалану процесінде бірнеше күрделі жөндеу жүргізіледі, оларды жүргізу мерзімі мен тәртібі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен және өндіруші зауыттың техникалық құжаттарымен белгіленеді.

39. Регламенттелген жөндеу ұзақ мерзімді сақтаудағы әскери мүліктің жарамдылығы мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге арналған. Регламенттелген жөндеу әскери мүліктің осы үлгісін күрделі жөндеу көлемінде орындалады. 10-15 жылдан астам ұзақ сақтаудағы немесе осы кезең ішінде үзіліспен пайдаланылатын, бірақ күрделі жөндеуге дейін жөндеуаралық ресурсы атқарылмаған әскери мүлік оның техникалық жай-күйіне қарамастан, регламенттелген жөнделеді.

Мүлікке жөндеуаралық ресурс регламенттелген жөндеуден кейін күрделі жөндеуден өткен мүлік үшін де белгіленеді.

40. Регламенттелген жөндеу тәртібі мен мерзімі дайындаушы зауытты пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен және өндіруші зауыттың техникалық құжатымен белгіленеді. Жөндеуге, санат беруге және есептен шығаруға дейінгі ресурс (жұмыс істеу нормасы, қызмет ету мерзімі) пайдалану және сақтау ұзақтылығын ескеріп, түзетіледі.

41. Белгіленген ресурс (жұмыс істеу нормасы, қызмет ету мерзімі) ең аз болып табылады. Жөндеуге немесе есептен шығаруға дейінгі ресурс (қызмет ету мерзімі) әзірлеген, бірақ өзінің техникалық жай-күйі бойынша пайдалануға жарамды техникалық құрал олардың шекті жай-күйіне (тозуына) дейін одан әрі пайдалануға жатады.

42. Өндірістік базаның болмауына байланысты күрделі жөндеу мүмкін болмайтын, ал жөндеу үшін осы құралды жеткізу экономикалық тұрғыдан тиімсіз техникалық құрал есептен шығарылғанға дейінгі ресурс (жұмыс істеу нормасы, пайдалану мерзімі) күрделі жөндеуге дейінгі ресурспен (жұмыс істеумен) айқындалады, ал оларды есептен шығару нақты техникалық жай-күйі бойынша жүргізіледі.

43. Сақтау құралына, резервуарға техникалық қызмет көрсету, жөндеуге дайындық кезінде тазалау (тазалау) жүргізілуге тиіс. Барлық жағдайда резервуарды (сақтау құралын) тазалау (тазалау) жөніндегі жұмысты, сондай-ақ құрамында жанармай буы мен ҚТЖ бар ортадағы барлық газ қауіпті жұмысты орындау тек наряд-рұқсат бойынша және жұмыс тобы үлкенінің (қойма, қызмет бастығының) қатысуымен

жүргізіледі. Жоғары қауіппен байланысты жұмысқа наряд-рұқсаттарды ресімдеу және қолдану кезінде "Қауіп жоғары жағдайларда жұмыс істеу кезінде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және оларды қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 344 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21151 болып тіркелген) талаптары басшылыққа алынады.

44. Резервуарды тазарту жұмысы басталар алдында тартылатын жеке құрам (жұмысшы) жұмысты қауіпсіз жүргізу және жазатайым оқиға кезінде алғашқы көмек көрсету әдісі бойынша нұсқау беруден өтеді. Жұмысқа тартылатын жеке құрамның (жұмысшылардың) тізімін және нұсқамадан өткені туралы белгіні тазарту жұмысын жүргізуге жауапты адам наряд-рұқсатқа енгізеді. Рұқсат-нарядты ресімдеуді және беруді қызметтің (қойманың) тиісті бастығы жүргізеді, әскери қызмет қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау мәселесіне жетекшілік ететін орынбасарлар келіседі, әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) бекітеді. Жұмыс жүргізуге ресімделген наряд-рұқсатсыз жұмысқа кірісуге жол берілмейді.

45. Резервуардың ішіндегі жұмысты орындайтын жеке құрам (жұмысшы) металл шегесіз және тағасыз арнайы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етілуге тиіс. Тыныс алу органын қорғау үшін шланг немесе оттегі-оқшаулағыш аппарат (газтұмша) қолданылады, газтұмшаны қабылдайтын ауа түтігінің ашық ұшы таза ауа аймағында алдын ала таңдалған жерде бекітілуге тиіс. Сүзгіш газтұмшаны пайдалануға жол берілмейді. Шланг газтұмшасында біржолғы болу мерзімін резервуарда тазалау және жөндеу жұмысын жүргізуге жауапты адам айқындайды және наряд-рұқсатта жазылады. Бұл мерзім кейіннен кемінде 15 минут демалумен, 30 минуттан аспауға тиіс.

46. Техникалық құралды әскери бөлімнің ішкі тексеру комиссиясы орташа немесе күрделі жөндеуге техникалық қарап-тексеру және техникалық құралдың (арнайы жабдықтың) куәлігін (формулярын) тексеру қортындысы бойынша жібереді:

1) техникалық құралдың (арнайы жабдықтың) белгіленген жөндеуаралық ресурсы мен қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін;

2) бұзылу және авария нәтижесінде пайдаланудан уақытынан бұрын шыққан жағдайда.

Ішкі тексеру комиссиясының қарап-тексеруі барысында әрі қарай пайдалануды жалғастыру мүмкіндігі, техникалық құралды (арнайы жабдықты) жөндеу қажеттілігі немесе әрі пайдаланудың мүмкін еместігі (орынсыздығы) белгіленеді, техникалық жай-күй актісі жасалады, ол оны жөндеуге (есептен шығаруға) немесе одан әрі пайдалануды ұзартуға құжаттарды ресімдеу үшін негіздеме болып табылады.

47. Жанармай қызметінің техникалық құралы бағынысында жөндеу шеберханасы (цехы) бар тиісті қызметтің наряды (өкімі) бойынша жөндеуге жіберіледі. ЖЖМ қызметінің техникалық құралын жинақтау үшін қолданылатын шатырлар мен брезенттер әскери бөлім (мекеме) киім-кешек қызметінің шеберханасында жөнделеді.

5-параграф. Сақтау мен консервациялауды ұйымдастыру

48. Пайдалану арасындағы аралықта техникалық құрал сақтауға қойылады. Бұл қысқа (бір жылға дейін) және ұзақ (бір жылдан астам) мерзімді болады. Алдағы үш ай ішінде қолдану жоспарланбаған техникалық құрал қысқа мерзімді сақтауға қойылады, ал бу қазандығы мен құбыр төсеу машинасы бір айға қойылады.

Техникалық құралды сақтауға қою және оларды сақтаудан алу әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен жарияланады, одан кейін осы бұйым формулярында (паспортында) тиісті жазба жасалады.

49. Сақталуға тиіс, сондай-ақ пайдаланудағы барлық техникалық құрал (мүлік), егер оларды пайдалану үш ай ішінде жоспарланбаса, консервациялануға тиіс. Консервациялау көлемі мен тәртібі сақтау ұзақтығы мен шартына байланысты нормативтік-техникалық құжаттамамен және пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен айқындалады. Автомобильдік базалық шассиге және шасси-тіркемеге құрастырылған (орнатылған) техникалық құралды сақтауға қою мен консервациялау тәртібі Автомобиль техникасы жөніндегі нұсқаулықта айқындалған.

50. Техникалық құралды қысқа мерзімді сақтауға қою кезінде тұтқырлығы төмен май мен жақпамай консервілеу материалы ретінде қолданылады. Техникалық құралдан жиынтықтаушы жабдық алынбайды, айдау құралының резеңке матадан жасалған түтігі жақын жерде, ал жеке жағдайда автомобильдің шанағына немесе арнайы бөлігіне салынып сақталады. Жанар-жағармай материалын құю және тасымалдау автомобиль құралының түтігі қолда бар штаттық арнайы бөлімде және бөлікте сақталады.

51. Техникалық құралды ұзақ сақтауға (үш айдан астам) қою кезінде боялмаған беттер тұрақты және берік қорғаныш үлдірді білдіретін тұтқыр маймен және жақпамаймен коррозиядан қорғалады, ерекше сақтау шартын қажет ететін бөлшектер мен агрегаттар (аккумулятор, түтік) алынады және жеке үй-жайда сақталады.

52. Техникалық құрал пайдалануға беру, олардың жұмысын тексеру, сондай-ақ іске қосу мен қайта консервациялау кезінде консервациялаудан алынады.

Техникалық құралды сақтауға қою кезінде оларға техникалық құралдың атауы (маркасы), дайындалған күні, консервациялау күні және қайта консервациялау мерзімі, атауы, саны және осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес жиынтықтаушы жабдықтың сақтау орны көрсетілген карточка ілінеді.

Шағын техникалық құрал мен мүлікке стеллаждық затбелгі ілінеді, онда тек консервациялау күні және кезекті қайта консервациялау мерзімі осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

53. Екі жыл сақтаудан, қайта консервациялаудан кейін техникалық қызмет көрсету, регламенттелген жөндеуге дайындалу кезінде, сондай-ақ әскерді тексеру және инспекциялау кезінде ұзақ сақтаудағы техникалық құрал сынаудан өткізіледі.

Техникалық құралды сынаудың мынадай көлемі белгіленеді:

1) техникалық қызмет көрсету (екі жыл сақтаудан кейін) және қайта консервациялау, әскерді тексеру және инспекциялау кезінде ұзақ сақтаудағы техникалық құралдың жалпы санынан 10-15%-ы сыналады;

2) регламенттелген қызмет көрсетуге және регламенттелген жөндеуге дайындалу кезінде барлық техникалық құрал сыналады.

54. Техникалық құралды сынау қозғалтқышты іске қосу, арнайы жабдықтың жеке агрегаты мен механизмін орнында айналдыру және 25 километр қашықтыққа бақылау жүрісімен жүзеге асырылады. Техникалық құралды сынау орнында екі сағат, бу қазандықтары бір сағат ішінде жүзеге асырылады. Техникалық құралдың арнайы жабдығын сынағаннан кейін қайта консервациялау, ал бақылау жүрісінен кейін толық консервациялау жүргізіледі.

55. Техникалық қызмет көрсету, қайта консервациялау, регламенттелген техникалық қызмет көрсету, регламенттелген жөндеу бойынша жұмыс жүргізу мерзімі және ұзақ мерзімді сақтаудың техникалық құралын сынамалау кезектілігі Автомобиль техникасы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жыл сайын түзетумен, әрбір әскери бөлімде (мекемеде) он жыл сақтау есебінен әзірленетін күнтізбелік жоспар-кестеде айқындалады

56. Жұмсалмайтын қордағы (ұзақ сақтаудағы) және атқарымның шектеулі шығысымен ағымдағы қамтамасыз етудегі техникалық құралға жылдық атқарым шығысы белгіленген норманың 50 %-нан аспайтын бұйым жатады, дайындалған сәттен бастап 5-7 жыл өткен соң кешенді регламенттелген техникалық қызмет көрсету жүргізіледі, ал 10-12 жыл ұзақ сақтауда болғаннан кейін регламенттелген жөндеу жүргізіледі.

57. Ұзақ сақтауда болған техникалық құрал бір регламенттелген жөндеуге екі регламенттелген техникалық қызмет көрсетуден өтеді. Арнайы жабдық пен автомобиль қозғалғыштығының құралына регламенттелген техникалық қызмет көрсетуді және регламенттелген жөндеуді орындау көлемі мен тәртібі әрбір шығарылатын бұйымға өндіруші кәсіпорындар әзірлейтін нұсқаулықтар мен нұсқауларда айқындалады.

6-параграф. Әскери мүлікті санаттау

58. ЖЖМ қызметінің техникалық құралын тікелей арналуы бойынша пайдалануға жарамсыз немесе кепілді сақтау мерзімі өткен деп тану үшін ол пайдалану кезеңінен, сондай-ақ жарамдылығын, жұмысқа қабілеттілігін және техникалық ресурсын қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешенінен өтеді. Осы кезеңде техникалық құралға (мүлікке) осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес белгілі бір санат беріледі.

59. Әскери мүлікке санат беру үшін әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен ішкі тексеру комиссиясы тағайындалады, оның құрамына бөлім командирі орынбасарларының бірі, тиісті қызмет бастығы немесе оның міндетін атқарушы адам, сондай-ақ қаржы органының өкілі міндетті түрде енгізіледі.

60. Бөлімнің ішкі тексеру комиссиясы өз жұмысында әскери мүлікті жан-жақты техникалық қарап-тексереді, тозу дәрежесі мен себебін анықтайды, өлшеу мен тексеру жүргізеді, оның санатын өзгертуге негіз болып табылатын ақауды және мүлікті арналуы бойынша одан әрі пайдалану мүмкіндігін белгілейді, санатталуға тиіс мүліктің жай-күйі мен жиынтығын растайды.

61. Әскери мүліктің техникалық жай-күйін айқындау, белгілі бір санат беру және есептен шығару кезінде бөлім комиссиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі № 787 қаулысымен бекітілген "Әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару қағидаларын, сондай-ақ өндіруші зауыт белгілеген нормативтік-техникалық құжаттаманы және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алады.

Барлық көрсетілген параметр берілген мүліктің ілеспе құжатына сәйкес келген кезде оған бірінші санат беріледі.

62. Кепілдік атқарылым жұмысы аяқталғаннан немесе әскери мүлікті сақтаудың кепілдік мерзімінің 50%-ы өткеннен кейін бөлім комиссиясы мүлікті екінші санатқа ауыстырады, ол туралы бұйым формулярында (куәлігінде) көрсетіледі және әскери бөлім (мекеме) командирі (басшысы) бекіткен техникалық жай-күйі мен сапалық жай-күйінің өзгеруі актілерімен расталады.

63. Орташа жөндеуге дейінгі мүлікті пайдалану процесі кезінде жөндеуаралық ресурс өткеннен кейін мүлік орташа жөнделуге тиіс. Орташа жөндеу қажеттігі туралы қорытындыны бөлім комиссиясы әскери бөлім (мекеме) командирі (басшысы) бекіткен техникалық жай-күй және сапалық жай-күйді өзгерту актілерімен ресімдейді, одан кейін мүлік үшінші санатқа ауыстырылады. Мүлікті орташа жөндеуге нарядты сұратуға өтінімі бар бекітілген қорытынды тиісті жабдықталым қызметіне жіберіледі.

64. Сонымен қатар, үшінші санат кепілдік сақтау мерзімі өткен әскери мүлікке беріледі, одан кейін ол сақтаудан алынып, ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстырылуға тиіс. Бөлім комиссиясы әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бекіткен техникалық жай-күй мен сапалық жай-күйді өзгерту актілерімен сақтаудан алу және ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстыру қажеттігі туралы қорытындыны ресімдейді.

Әскери мүлікті сақтаудан алуға және оны ағымдағы қамтамасыз етуге ауыстыруға өтінімі бар бекітілген қорытынды тиісті жабдықталым қызметіне жіберіледі. Жабдықталым қызметінің шешімімен көрсетілген әскери мүлік сақтаудан алынады және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің (мекемесінің) ағымдағы үлесін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

65. Егер өндіруші зауыттың нормативтік-техникалық құжаттамасымен және пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен әскери мүлікті сақтаудың кепілдік мерзімі өткеннен кейін пайдалануға тыйым салынған жағдайда ол бесінші санатқа ауыстырылады және қорда сақтаудың кепілдік мерзімі өткен деп танылады. Әскери мүлікті бесінші санатқа ауыстыруды бөлім комиссиясы жүзеге асырады, ол туралы бұйым формулярында (

куәлігінде) көрсетіледі және әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) немесе оның ұсынысы бойынша жабдықтылым қызметінің басшысы бекіткен техникалық жай-күйі мен сапалық жай-күйін өзгерту актілерімен расталады.

66. Күрделі жөндеуге дейін мүлікті пайдалану процесінде жөндеуаралық ресурс өткеннен кейін мүлік күрделі жөнделуге тиіс. Күрделі жөндеу қажеттігі туралы қорытындыны бөлім комиссиясы техникалық жай-күйі мен сапалық жай-күйін өзгерту актілерімен ресімдейді, одан кейін мүлік төртінші санатқа ауыстырылады. Мүлікті күрделі жөндеуге нарядты сұратуға өтінімі бар бекітілген қорытынды тиісті жабдықтылым қызметіне жіберіледі.

67. Күрделі жөндеуден кейін бөлім комиссиясы мүлікті екінші санат бойынша қабылдайды, ол туралы бұйым формулярында (паспортында) көрсетіледі және әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бекіткен қабылдау актісімен расталады.

68. Әскери мүлікті пайдалану мерзімі (техникалық ресурсы) өткеннен кейін мүлік бесінші санатқа ауыстырылады және тікелей арналуы бойынша пайдалануға жарамсыз деп танылады. Әскери мүлікті бесінші санатқа ауыстыруды бөлім (мекеме) комиссиясы жүзеге асырады, ол туралы бұйым формулярында (паспортында) көрсетіледі және пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген жағдайда әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) немесе оның ұсынысы бойынша жабдықтылым қызметінің бастығы бекіткен техникалық жай-күй мен сапалық жай-күйді өзгерту актілерімен расталады.

69. Пайдалану процесінде орташа және күрделі жөндеу көзделмеген әскери мүлікті бөлім комиссиясы осы Нұсқаулыққа 10-қосымшада жазылған санаттау өлшемшарттына сәйкес бесінші санатқа ауыстырады, ол туралы бұйым формулярында (паспортында) көрсетіледі және әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) немесе әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) өтінімі бойынша жабдықтылым қызметінің бастығы бекітетін техникалық жай-күй мен сапалық жай-күйді өзгерту актілерімен расталады.

70. Әскери бөлімнің (мекеменің) жөндеу бөлімшесінде ағымдағы жөндеумен қалпына келтірілетін әскери мүлік төменгі санатқа ауыстырылмайды. Әскери мүлікті сақтау және пайдалану кезінде сыртқы коррозияға қарсы жабынның бұзылуы, қосалқы бөлшектің, аспаптың, керек-жарақтың, сондай-ақ жиынтықтаушы бұйымның болмауы немесе жарамсыздығы әскери мүлікті төменгі санатқа ауыстыру үшін негіз болып табылмайды, тек әскери мүлік жиынтығының жай-күйін сипаттайды.

71. Егер басқа қоймадан немесе әскери бөлімнен (мекемеден) келіп түскен мүлікте қойманың әскери бөлімінің (мекемесінің) күшімен және құралымен жою мүмкін болатын ақау табылса, осындай мүлік ілеспе құжаттарда көрсетілген сапалық санатта қалады.

Айдау құралы

Айдау құралы жанар-жағармай материалын және арнайы сұйықтықты теміржол цистернасынан қойма резервуарына немесе қойма резервуарынан теміржол цистернасына айдауға, жанармайды қоймаішілік айдауға, ұшақтарға топпен отын құю, автоотынқұюғышты, автоцистернаны, тіркеме-цистернаны және ыдысты жанармаймен толтыру жүйесіндегі далалық отын құю пункттері жиынтығында қолдануға арналған. Негізгі айдау құралдарының техникалық сипаттамасы 1-4-кестеде келтірілген.

Айдау станциясының техникалық сипаттамасы

1-кесте

Р/с №	Көрсеткіш	ПСГ-240	ПСГ-160	ПСГ-75
1	2	3	4	5
1	Көліктік база (шасси)	Урал-4320	ЗиЛ-130	УАЗ-452
2	Сорғы:			
	маркасы	ЦН-240/140	6НГМ-7х2	СЦН-60М
	типі	Орталықтан айдап ағызғыш	Орталықтан айдап ағызғыш	Өзі соратын орталықтан айдап ағызғыш
	айналу жиілігі, айн/мин	4400	2900	3000
	соруға арналған құрылғы	Эжектор	Айырғышы бар шүмекті аппарат	Құйынды дөңгелек
	жанармайды соруға уақыт, мин	3-4	2-3	2-3
	вакуумметриялық сору биіктігі, м			
	ПӘК (максималды)	0,7	0,6	0,55
	массасы, кг		300	42
3	Түтік:			
	типі	Резеңке-маталы май-бензинге төзімді		
	диаметрі, мм:			
	соратын	150	100	100
	қысымды	100	100	75
	ұзындығы, м:			
	соратын	4	9	9
қысымды	12	12	10	

	саны, дана:			
	соратын	6	4	2
	қысымды	2	2	2
4	Беру, м3/ч	240	150	75
5	Қысым, м	140	100	70
6	Өрістету (жинау) уақыты 3 адам, мин	30	30-35	20-25
7	Қызмет көрсететін жеке құрам, адам	1	1	1

Жанармайды айдауға арналған мотосорғы қондырғысының техникалық сипаттамасы

2-кесте

Р/с №	Көрсеткіш	МНУГ-80	МНУГ-60	МНУГ-20	МНУГ-10	МНУГ-10П
1	2	3	4	5	6	7
1	Көліктік база	Автомобильдік тіркеменің 1 шасси			Екі дөңгелекті арбаша	Жақтау
		1-П-1,5	1-П-1,5	1-П-0,5		
2	Қозғалтқыш:					
	маркасы	ЗМЗ-24-01	"Москвич-408"	УД-15Г	2СД-Б	"Дружба-1"
	типі	Карбюраторлық төрт ырғақты	Карбюраторлық төрт ырғақты	Карбюраторлық бір цилиндрлі	Карбюраторлық екі ырғақты бір цилиндрлі	Карбюраторлық екі ырғақты
	қуаты, кВт	41	18	3	1,5	2,1
	біліктің айналым жиілігі, айн/мин	3000	3000	3000	3000	5000
	жанармай	Автомобиль бензині				
3	Сорғы					
	маркасы	СЦН-60М	СЦН-60	СЦН-20-40	ЦВС-53-10	АЗТ-5М
	типі	Өзі соратын орталықтан айдап ағызғыш	Орталықтан айдап ағызғыш	Өзі соратын орталықтан айдап ағызғыш-құйынды		Шиберлі
	айналым жиілігі, айн/мин	3000	3000	3000	3000	1500
	вакуумметриялық сору биіктігі, м	7	7,5	7,5	8,8	9
	жалғайтын келте құбырдың диаметрі мен					

	саны, мм х дана:					
	қысымды сорғыш	75x1 100x1	75x1 100x1	50x1 75x1	25x2 38x1	25x1 38x1
4	Сүзгі маркасы) (ФГН-60М	ФГТ-60	ФГН-30	ФГТ-15	-
5	Есептеуіш маркасы	-	-	ШЖ-40-6	ШЖ-40-6	-
	саны, дана	-	-	2	1	-
6	Тарату қраны: маркасы	-	АК-38	АК-38	АК-38	АК-25
	саны, дана	-	3	2	2	1
7	Түтік: диаметрі, мм:					
	соратын	100	100	76	50 (38)	38
	қысымды	76	76	-	-	25
	тарату	-	38	38	25	-
	ұзындығы, м:					
	соратын	9 және 4,5	9	9	6 (4,5)	4,5
	қысымды	9	9	-	-	6
	тарату	-	9	6	6	-
	мөлшері, дана :					
	соратын	2	2	1	1	1
қысымды	1	1	-	-	1	
тарату	-	3	2	2	-	
8	Көлемді тарату, қондырғы, м3 /ч	80	60	20	10	10
9	Қондырғының қысымы, м	70	65	35	23	25
10	Сорғыны іске қосқан кездегі жанармайды сору уақыты, мин	1-1	1-2	2-3	2-3	1-2
11	Өрістетуге (жинауға) уақыт, мин.	15 (30)	15 (30)	10 (15)	5 (10)	5 (6)
12	Қызмет көрсететін жеке құрам, адам	1	1	1	1	1

Майды айдауға арналған мотосорғы қондырғысының техникалық сипаттамасы

3-кесте

Р/с №	Көрсеткіш	МНУМ-60	МНУМ-50	МНУМ-14	МНУМ-8
1	2	3	4	5	6
1	Көліктік база	Автомобильдік тіркеменің шассиі 1			Екі дөңгелекті арба
		1-П-1,5	1-П-1	1-П-0,5	
2	Қозғалтқыш:				
	маркасы	ЗМЗ-24-01	"Москвич-408"	УД-25Г	УД-1
